



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

поколения в поколение. Казахи считают этот музыкальный инструмент талисманом, запечатлевшим летопись веков», – сказал Президент Казахстана Токаев Касым-Жомарт.

Древнейший на земле музыкальный инструмент живет, развивается и не забывается великим народом Казахстана. История развития домбры занимает особое место в жизни каждого казаха. На современном этапе музыка, исполненная на домбре, считается традицией любого мероприятия.

Список литературы:

1. Жубанов А. Казахский народный музыкальный инструмент – домбра / Музыказнание. – Алмата, 2002, -5с
2. Простомолов Е.К. Легенды о домбре – 2 изд., Алматы, 1998, – 4 с.
3. Аманов Б. Ж. Казахская традиционная музыка. Настоящее, прошлое. Алматы: Дайк пресс, 2002, – 20 с.
4. Утегалиева С. И. О высоте строя казахской домбры / Наука, – 2012, – 1-16с
5. Мациевский И.В. Музыкальный инструмент и методология его исследования / Актуальные проблемы современной музыки. Музыка, 2020, 13-25с
6. Мырзалиев К. Красная книга. Алматы: Казахстан, 1983.
7. Мергалиев Т., Бүркіт С., Дүйсен О. История казахского кюя.: Алматы 2000, 412 с.

ӘОЖ 37

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДЕ ПЕДАГОГТЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ КӘСІБИ ТАЛАПТАР

Жутова Елена Михайловна
alyena2802@mail.ru
Таскенова Айсауле Бауыржановна
педагогикалық ғылымдар магистрі
арнайы пәндер оқытушылары
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай педагогикалық колледжі» КМҚК
Қостанай қ., Қазақстан
taskenovaa@mail.ru

Аңдатпа

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде заман талаптарына сай білім беру технологияларын жетілдіру үшін педагог мамандар оқытудың әлемдік жетістіктерін, ең тиімді әдіс-тәсілдерін зерттеп, тәжірибе жүзінде сынап, оны практикамызға енгізіп, жұмыс істеп келеміз. Оқытудың бірнеше әдісін салыстыра қарастыру арқылы әр оқытушының өзінің мүмкіндігі мен бейімділігіне қарай білім берудің жаңа технологияларын таңдап, сұрыптап, қолданып отырады.

Түйін сөзер: технологиялар, құзіреттілік, білім беру компоненттері, коммуникативтік, кәсіби маман, сарапшы, дамытушылық, тәуелсіз, тұлғалық, шеберлік.

Аннотация

Сегодня в целях совершенствования современных образовательных технологий в системе образования учителя работают над изучением мировых достижений, наиболее эффективными методиками обучения, апробируют их на практике, применяют на практике. Сравнивая несколько методов обучения, каждый учитель выбирает, выбирает и использует новые образовательные технологии в соответствии со своими способностями и предпочтениями.

Ключевые слова: технологии, компетентность, образовательные компоненты, коммуникативный, профессиональный, экспертный, развивающий, самостоятельный, личность, мастерство.

Abstract

Nowadays, in order to improve modern educational technologies in the education system, we are working to study the world achievements of teaching professionals, the most effective methods of teaching, test them in practice, put them into practice. By comparing several teaching methods, each teacher selects, selects and uses new educational technologies according to their abilities and preferences.

Key words: technologies, competence, educational components, communicative, professional, expert, developmental, independent, personality, mastery.

Бүгінгі орта білім берудің оқу бағдарламалары баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу әрекетіндегі ыңғайы мен икемділігін, материалды кеңінен меңгеру үшін оқудың, жазудың, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыда өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұған қоса жаңартылған бағдарламада дағды мен құзырет беру компоненттері және тәрбие беру жұмыстары күшейтілген. Бұл, біріншіден, білім беруді заман талабына сай жаңа мазмұнда ұйымдастыру мәселесімен тікелей байланысты. Екіншіден, білім беруді жаңарту оқушылардың білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда, функционалдық дағдыларын немесе құзіреттілігін қалыптастырумен байланысты. Орта білім беруде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін оқытушы жаттығулар немесе тапсырмалар орындатқан жағдайда немесе түрлі мәтіндер оқытқанда, оларды өмірмен байланыстыра отырып, оқушылардың оқуға деген сауатын қалыптастыруға жақсы көңіл бөлген жөн. Үшіншіден, білім беруді жаңарту Елбасы жолдауындағы «Мәңгілік Ел» идеясына сәйкес оқу-тәрбие үрдісін оқушылардың патриотизмін, мораль мен адамгершілік нормаларын, ұлтаралық келісім мен төзімділігін, физикалық және рухани дамуын, заңды құрметтеуін қалыптастыру. Төртіншіден, білім беруді жаңарту оқу-тәрбие процесіне заманауи әдістемелер мен технологияларды қамтамасыз ету және оқытушылардың өмір бойы жаңа әдістемелер мен технологияларды оқыту барысында үздіксіз пайдалануы.

Білім беруді түрлендіруде, білім процесін реформалауда жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті болуы керек. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне енуге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін кәсіби құзіреттілігі жоғары мұғалімді талап етіп отыр. Нәтижеге бағдарланған білім беру сапасын арттыруда жаңаша жолдар мен әдістер табуға дағдыланған «Жаңа формация маманы болу – білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Білім беруді түрлендіруде, білім процесін реформалауда зерттеуші мұғалім мен көшбасшы мұғалім жаңа формация мұғалімі болып табылады. Бүгінгі күнде экономикалық өсу және азаматтардың әл-ауқаты үшін білімнің айтарлықтай маңызды екенін бүкіл әлем мойындауда. Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. зерттеуші оқытушы мен көшбасшы оқытушы жаңа формация оқытушысы ретінде орталық тұлға болып табылады. Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесіндегі педагогтің кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізін айқындау үшін, терминнің анықтамасына тоқталсақ. Психологиялық- педагогикалық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үдерісінде екі ұғым: құзыреттілік және құзырет ұғымдары пайдаланылып келеді. Біріншісі, С.Ожегов сөздігі бойынша, белгілі бір кәсіби қызметке байланысты, «қандай да болсын мәселеден хабардарлық, беделділік», ал екіншісі, «қандай да бір істі жүргізетін жеке адамның, мекеменің мәселелерді шешуге, іс – әрекет етуге, бір нәрсені істеуге құқықтылық шеңбері» деп көрсетілген. «Құзыреттілік» термині әдетте белгілі бір әлеуметтік-кәсіби статус иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, білігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі арқылы сипатталады. Методикалық терминдер сөздігінде «Құзыреттілік – қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі», – делінген. Дұрыс ұйымдастырылған әдістемелік пен оның кәсіби дамуға бағытталған жұмыстары ғана жаңашылдық кепілі болады. Сол себепті, мұғалімдерді кәсіби біліктілігін арттыруда педагогтардың өздеріне бағытталған іс – әрекеттерін жаңаша ұйымдастыру өте маңызды.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту. Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына, еліміздің дамуына, жеріміздің көркеюіне өз үлестерін қосып жүрген белді азаматтардың барлығы да ауыл мектептерінен білім алып, ауылда тәрбиеленгендер. Қоғамның дамуына байланысты ауылдарымыз да күннен-күнге жаңарып, жақсарып жатыр. Соның бірі – ауыл мектептерінің жағдайы. Ғылым мен технологияның дамыған заманында білім беру саласы да қарқынды дамуда. Қазіргі таңда ауыл мектептері жаңа технология құралдарымен жабдықталып, ұстаздар білім берудің жаңа әдіс-тәсілдері бойынша білімдерін жетілдіру үстінде. Ендеше заманына қарай амалы, демекші бұрынғы кездегідей қарапайым дәстүрлі сабақтың мәні де сәні де кеткен уақыт. «Білімді ұрпақ – болашақтың кепілі», -деп дана халқымыз айтқандай, бүгінгідей ел болашағы – жас буынды заманына сай лайықты жеке тұлға ретінде қалыптастыру ісі мемлекетіміз үшін маңызды болса, мұғалімдер қауымына артылар жүк ауыр екені баршаға мәлім. Қоғамның дамуындағы ең маңызды мәселе білім беру жүйесі. Қазіргі таңдағы негізгі мақсат – жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, ой-тұлғасы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны яғни еліміздің патриотын қалыптастыру.

Оқып үйрену мен тәрбие ісінде оқу орындарының жаппай заманауи технологияларды қолдануға көшу процесінде мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру – қоғамның басты мәселесі. Мұғалімдердің кәсіби даму үдерісін дамыту барысында жалпы орта білім беру мекемелері даму жоспарында желілік қоғамдастық, тәлімгерлік инновациялық, интерактивті әдістерді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру, интернет жүйесімен байланысты жандандыру, жаңа ақпаратты технологияны меңгеру, жан-жақты ұстаздар қауымымен пікір алмасу қарастырылған.

Ал мұғалім үнемі ізденіп, білім қорымен өзінің іс- тәжірибесін таратып, өзгенің жаңалығын үйреніп отырса, оның сабақтары да қызықты, бала үшін тиімді болмақ. Ал бұл жағдай бүгінгі күні орта білім беретін мекемелер үшін де тиімді. Кәсіби тұрғыда жаңа сатыға қадам басып, білім жүйесіне енген жаңалықтың қыр –сырын зерттей бастаған сәтімде арнайы курсқа баруым бағдарлама туралы туындаған сұрақтарымның жауабын табуға берілген мүмкіндік секілді көрінді. Әр күн жаңалықтарға толы болып, курс тыңдаушылары жаңартылған білім беру бағдарламасы, АКТ әлеуеті жайлы пікір алмасып және ауыл мектептерінің жоғары сапалы білім беруді қолжетімді ету үшін ақпараттық-білімдік ресурстарының қазіргі жағдайын талдадық.

Курс тыңдаушылары арасында өткізілген түрлі тақырыптардағы семинарлар, түрлі білім салалары бұған дейін өз жұмысын жеке атқарып жүрген әріптестердің арасында ынтымақтастық орнап, ұстаздардың көзқарасы өзгеріп жаңа инновациялық мүмкіндіктерді пайдалануға талпынысы басым болды.

Заман талабына сай жабдықталған әр ұстаздардың осы талапқа сай жұмыстануға бетбұрыстары айқын көрініс тауып жатыр. Бүгінгі мұғалімнің еңбегі, тынымсыз ізденуді, үздіксіз кәсіби дамуды талап етеді. Қоғамның сұранысына лайықты ақпараттық -коммуникативтік технологияларды меңгерген мұғалім болып, өз бетінше білім алып, шешім қабылдай алатын, болашаққа жан-жақты көзқарасы бар, ой-өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты тұлғаны қалыптастыруда. Оның ішіне: тұлғалық, азаматтық, коммуникативтік, әлекеметтік, технологиялық және басқарушылық компоненттері кіреді.

Өткізіліп жүрген сабақ бағдарламаларында оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір –бірімен тығыз байланысты. Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс –тәсілдермен оқытып, ой –өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Зерттеулік білік пен дағдылар адамға тек ғылыми жұмыспен айналысқанда ғана емес, сонымен бірге оның басқа да қызмет аясында қажет. Шығармашыл – зерттеушілік ізденіс кез-келген кәсіптің ажырамас бөлігі болып табылуда. Баланы зерттеушілік іс-әрекетке дайындау, зерттеулік ізденістің біліктері мен дағдыларына үйрету қазіргі кезде білім берудің маңызды міндеті болып отыр.

Елбасымыз Н.А. Назарбаев «Дамыған,бәсекеге қабілетті мемлекет болу үшін, біз жоғары білімді ұлт болуымыз керек» дей келе, өскелең ұрпақтың функционалдық сауаттылығына аса назар аударуды талап етіп отыр.К.Ушинский: «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда, оның мұғалімдігі де жойылады», – деген екен. Бүгінгі күн-білім беру мазмұнына, оқушы мен педагог тұлғасына және қызметіне деген көзқарастардың түбегейлі өзгеріске бет бұрып отырған кезең. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев өз сөзінде: «Біз қазір «Білім-ғылым-инновация» атты үштік үстемдік құратын жоғары индустриялық әлемге қарай бағыт алып барамыз», – деген еді. Қазақстанның әлемдік үрдістерге кіруі, дамыған елдердің стандарттарына деген ұмтылысы білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге өту қажеттілігін арттыруда. Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің функционалдық сауаттылығы – қазіргі білім берудегі жаңа және нақты жағдайға икемделу дегенді білдіреді.

Осыған орай, қазіргі кезде білім беру жүйесінде жасалып жатқан реформалар барлық деңгейлердегі білім мазмұнын жаңартуға және өсуден тұрақты даму кезеңіне өтуге бағытталған. Білім беру әдісі өзгереді, білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болады. Жаңартылған Бағдарлама жаңашыл ой тудырды. Себебі әр жаңашылдық, біріншіден, стандартты іске асыруда мұғалімнен кәсібилік, екіншіден, одан әрі сапалы нәтиже алу мақсатында жігерлі іс-әрекеттерді талап етеді. Білім беру мазмұнын жаңартудағы мұғалімнің атқаратын маңызды рөлін ескере отырып, педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша жұмыстар атқарылды.

Білім мазмұнын жаңғырту – сапалы білім, жарқын болашаққа негізделген.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек.

Қазақстан 2050 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі

таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Қорытындылай келе ,педагогтың іс – әрекетінің нәтижесін зерттеулер мен зерделеуге сүйене отырып, бүгінгі оқытушы оқу процесін тиімді ұйымдастыра білетін, кәсіби құзіреттіліктерді білім ождарында пайдаланатын маман иесі болу керек. Яғни, оқытушы теорияны жақсы меңгерген, ұдайы ізденіп, өзінің пәндік, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік білімін, мәдениет дәрежесін үнемі арттырып отыруы, коммуникативті қарым-қатынасқа түсе алатын, қоғамдық ортада өзін ұстай алатын, өз мамандығын жақсы көретін, біліктілігі жоғары, кәсіби шеберлігін ұдайы ғылымға негіздей отырып дамытатын болуы шартты. Жалпы бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылып, педагогтерге оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.-Астана,2016
2. Асомолов А.Г. Движущие силы и условия развития личности / Психология личности – 2 с.1999г.
3. Нестеров В.В. Педагогическая компетентность. Учеб.пособие.-Екатеринбург,23-188с.

УДК 372.8

ПРОЕКТИРОВАНИЕ СОВРЕМЕННОГО УЧЕБНОГО ЗАНЯТИЯ В УСЛОВИЯХ РЕАЛИЗАЦИИ ОБНОВЛЕННОГО ФГОС

Замалетдинова Зальфира Исхаковна
канд. пед .н., доцент

z.zamaletdinova@mail.ru

Ахметшина Гульсия Хабриевна

канд. пед .н., доцент

gala121h@yandex.ru

ГАОУ ДПО «Институт развития образования

Республики Татарстан»

г. Казань, Татарстан

Аннотация

В статье описаны теоретические основы и методические аспекты проектирования урока на основе требований обновленных ФГОС, предполагающие достижение планируемых результатов обучения в различных ситуациях, применение знаний при решении учебных и практических задач.

Ключевые слова: обновленный ФГОС, планируемые результаты, проектирование урока, функциональная грамотность.

Abstract

The article describes the theoretical foundations and methodological aspects of designing a lesson based on the requirements of the updated Federal State Educational Standards, assuming the achievement of the planned learning outcomes in various situations, the application of knowledge in solving educational and practical tasks.

Key words: updated FGOS, planned results, lesson design, functional literacy.

Аңдампа

Мақалада әр түрлі жағдайларда оқытудың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізуді, оқу және практикалық мәселелерді шешуде білімді қолдануды көздейтін жаңартылған Мемлекеттік